



 А.А. Керимбаев

**«Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты»
ЖШС қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері
бойынша талдамалық анықтама**

құқ. Гвардейский

2025 жылғы «__» мамыр

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:
«Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік).

Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015
жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының 8-бабының 5-тармағына, «Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына
сәйкес және Серіктестік бас директордың м.а. 2025 жылғы 19 наурыздағы № 48-Ө
бұйрығы негізінде жүргізілді.

Сонымен қатар, Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізуге жауапты, комплаенс-офицер - Аширбеков Азамат Атарқұлұлы
тағайындалды.

Кәсіпорын қызметінің талданған кезеңі: 2024 жылдың екінші жартыжылдығы.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері
және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19
қазандағы № 12 бұйрығының 11-тармағына сәйкес Серіктестіктің қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) мынадай
бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Серіктестіктің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) серіктестіктің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас
жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бірінші бағыт бойынша:

Серіктестіктің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас
жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Комплаенс-офицер серіктестіктің қызметіне қатысты құқықтық актілерді зерттеді:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

- «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Сонымен қатар серіктестіктің ішкі құжаттары зерделенді:

- Серіктестік Жарғысы;

- Ұжымдық шарт;

- Аттестаттау комиссиясы туралы ереже;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет туралы ереже-комплаенс қызметі;

- Бөлімдер мен зертханалар туралы ереже;

- Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары және т. б.

Айта кету керек, «QazBioPharm «Ұлттық холдингі» акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 910 қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Торағасының 2024 жылғы 23 мамырдағы № 358 бұйрығы негізінде серіктестікте екінші жартыжылдықта ШЖҚ РМК-дан ЖШС-ге заңды мәртебесі өзгерді. Бұдан әрі серіктестіктің жалғыз қатысушысы болып «QazBioPharm «Ұлттық холдингі» АҚ анықталды.

Мәртебе өзгерген кезде ұжымдық шартты қоспағанда, Серіктестіктің қызметін реттейтін барлық ішкі құжаттар жаңартылды. Ұжымдық шартты жаңарту 2025 жылдың басына жоспарланған.

Серіктестіктің ішкі құжаттарын әзірлеу және қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қолданыстағы ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу заңнаманың өзгеруіне қарай және тексеру мерзімдеріне сәйкес жүргізіледі.

Ішкі талдау нәтижелері бойынша Серіктестіктің қызметін реттейтін ішкі құжаттарда құқықтық олқылықтар мен қайшылықтар анықталған жоқ. Серіктестікті қайта ұйымдастыруға байланысты ұжымдық шартты жаңарту ұсынылады.

Екінші бағыт бойынша:

Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде зерттелетін кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 13-тармағына сәйкес қызметтің мынадай бағыттары талданады:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

1. Персоналды басқару

2024 жылдың басында бекітілген штат кестесіне сәйкес Серіктестікте зерттелетін кезеңде штат саны 294 бірлікті құрайды. Серіктестікте жұмысқа қабылдау ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Серіктестікте қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы ереже бекітілен. Серіктестік қызметкерлерін аттестаттау осы Ереженің және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жүргізіледі. Аттестаттаудың мақсаты қызметкерлердің кәсіби қызметінің нәтижелерін бағалау негізінде олардың атқаратын лауазымдарына сәйкестігін растау және меритократия қағидатын сақтау болып табылады.

Аттестаттау комиссиясы сондай-ақ жаңа қызметкерлерді қабылдау, олардың сынақ мерзімінен өту рәсімін реттейді. Комиссия 5 қызметкерден тұрады. Қабылдау туралы шешімдер алқалы түрде дауыс беру арқылы қабылданады. Бұл комиссия жұмысқа қабылдау кезінде жұмысқа орналасқаны үшін сыйақы, құжаттарды тексеруді қолдан жасау немесе елемеу, құзыреттерін ескермей туыстарын, таныстарын, бұрынғы әріптестерін ілгерілету сияқты тәуекелдердің мүмкіндігін болдырмайды.

Зерттеу кезеңінде жаңа қызметкерлер қабылданды – 11, жұмыстан босатылды – 21.

Қызметкерлер Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49-бабының 1) және 5) тармақтарына сәйкес жұмыстан шығарылды.

Зерттелетін кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты жағымсыз материалдар анықталған жоқ.

Қызметкерлерді басқа лауазымға ауыстыру ҚР заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Персоналды басқару жөніндегі қызметті талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Қызметкерлерді аттестаттау

бойынша барлық рәсімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауды болдырмау мақсатында аттестаттау комиссиясының құрамына комплаенс-офицерді қосу ұсынылады.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 15-бабына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға, лауазымды адамдарға, егер мүдделер қақтығысы болса, лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

Зерттелетін кезеңде Серіктестікте мүдделер қақтығысы табылған жоқ. Серіктестікте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделерінің қайшылықтарын анықтау және реттеу жөніндегі саясат қолданылады. Бұл саясат қайта ұйымдастыруға байланысты жаңартуды қажет етеді. Туындаған мүдделер қақтығысы туралы жазбаша хабарламалар тіркелген жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу қызметін талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Серіктестік Мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Серіктестік рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Серіктестік бақылау-тексеру функцияларын іске асырумен айналыспайды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Зерттелетін кезеңде Серіктестікте 2024 жылға арналған қаржылық есептіліктің тәуелсіз аудиті әлі жүргізілген жоқ. «QazBioPharm» Ұлттық холдингі» АҚ серіктестігінің жалғыз қатысушысы қаржылық есептілікке аудит жүргізуді 2025 жылдың мамыр айының соңына жоспарлайды.

Серіктестікте 2024 жылдың қарама айынан бастап Бақылау кеңесі жұмыс істейді. Оның құзыретіне жылдық қаржылық есептілікті мақұлдау және таза кірісті бөлу тәртібі бойынша жалғыз қатысушыға ұсыныстар енгізу кіреді. Сондай-ақ, Байқау кеңесі әр тоқсан сайын серіктестіктің жарты жылдығы мен жыл қорытындысы бойынша қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты қарайды.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Серіктестік тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен шарттар жасасу кезінде Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің, «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы», «Ғылым және технологиялық

саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Сатып алу «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Заңның негізінде жүргізіледі.

Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды сатып алу немесе қызметтер мен жұмыстарды көрсету сатып алу веб-порталы арқылы жүргізіледі.

Сатып алу қорытындысы бойынша жеңімпаздармен қызметтерді, жұмыстарды және тауарларды сатып алу туралы шарт жасалады. Заңды және жеке тұлғалар жеңімпаз деп танылады. Төлем тауарларды жеткізу және жұмыстарға қызмет көрсету фактісі бойынша жүргізіледі.

Кез-келген нақты кәсіпорындардың, ұйымдардың мүдделеріне артықшылық беру немесе лоббизм жасау мүмкін емес, өйткені сатып алу жеңімпаздары сатып алу веб-порталын автоматты түрде анықтайды.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуды өткізу процесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 14-бабының 3-тармақшасына және 23-бабына сәйкес уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі тұрақты негізде камералдық бақылаудан өтеді.

Заңға үнемі өзгерістер мен толықтырулар енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алғышарттарын азайтады.

Серіктестікте сондай-ақ гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру және мемлекеттік тапсырма бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шеңберінде заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасалады. Осы шарттар үшін сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының күші қолданылмайды.

Осы сатып алуларды реттеу мақсатында серіктестікте гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шеңберінде әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстарын бағалау жөніндегі комиссияны құру және оның жұмысы жөніндегі Нұсқаулық қолданылады. Бұл комиссия ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасасуды реттейді.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша баға ұсыныстары тәсілімен конкурс өткізу, оның жеңімпазын айқындау үшін серіктестіктің бас директорының бұйрығымен Комиссия құрылады. Құрамы мен құзыреті нұсқаулықпен анықталады.

Бұл комиссияның құрамына сонымен қатар комплаенс-офицер кіреді. Комплаенс-офицер комиссия құрамында ақпараттық жүйелерден тексеру арқылы сенімсіз жеткізушілерді анықтауға жауапты. Комплаенс-офицер бір тауарлар мен қызметтер бойынша баға ұсыныстарын ұсынғандар арасында үлестес өнім берушілердің қатысуына жол бермейді, осылайша бағаны манипуляциялауды және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмайды.

Зерттеу кезеңінде комплаенс-офицер 32 контрагентті тексерді. Коммерциялық ұсыныстарды қарау кезеңінде мыналар анықталды:

- Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміндегі өнім берушілер - 5 контрагент;

- 12 контрагенттен тауарлар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі бір конкурсқа бірлесіп қатысатын аффилиирленген компаниялар;

- медициналық тауарларды сату үшін лицензиялары мен сертификаттары жоқ қызмет көрсететін өнім берушілер - 8 контрагент.

Айта кету керек, 2024 жылғы 26 қарашада «Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің № 538 бұйрығы шықты. Осы бұйрық ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бюджет қаражаты есебінен өткізілетін ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуын реттейді.

Осыған байланысты гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шеңберінде әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстарын бағалау жөніндегі комиссияны құру және оның жұмысы жөніндегі нұсқаулықты жаңарту және осы бұйрық негізінде өзгерістер мен нақтылаулар енгізу ұсынылады.

Контрагенттің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы талап арыздар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу жөніндегі қызметті талдау нәтижелері бойынша тәуекелдер анықталған жоқ. Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шеңберінде әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстарын бағалау жөніндегі комиссияны құру және оның жұмысы жөніндегі нұсқаулықты жаңарту және толықтыру ұсынылды.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Серіктестіктің функционалына Ақпараттық жүйелерді әзірлеу кірмейді. Серіктестік ақпараттық жүйелермен, оның ішінде 1С Кәсіпорын, электрондық құжат айналымы жүйесімен (Документолог), eОтinish, Enbek kz, Adata.kz контрагенттердің сенімділігін тексеру жүйесімен жабдықталған.

Серіктестікте ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты маман - ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі маман қатысады.

АЖ-да жұмыс істеу үшін әр маманның есептік жазбасы болады. Тұрақты негізде мамандар АЖ деректерінде жұмыс істейді. Серіктестікте АЖ арқылы құжат айналымы, кадр қызметі, өтініштердің түсуі және т.б. жүргізіледі.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Серіктестікте қызметкерлерінің этикасы мен мінез-құлқының корпоративтік Кодексі қолданылады.

Кодекс ұйымның және оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқының маңызды ережелерінің, корпоратившілік қатынастардың этикалық нормаларының, серіктестіктің әрбір қызметкерінің әлеуметтік жауапкершілігінің жиынтығы болып табылады.

Кодекс корпоративтік құндылықтарды анықтауға арналған, олардың орындалуы ұйымның және оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқыты анықтайтын және Серіктестіктің беделін, оның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін қалыптастыратын негізгі этикалық принциптерге адалдығын көрсетеді.

Серіктестікте сондай-ақ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабардар ету ережесі бекітілген. Қызметкерлердің немесе басқа жеке немесе заңды тұлғалардың барлық сыбайлас жемқорлық шағымдары сайтта көрсетілген комплаенс-офицердің поштасына келіп түседі және ол журналда тіркеледі және міндетті түрде орындалуға жатады.

Серіктестік қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізіледі.

Зерттелетін кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдау сыбайлас жемқорлық тақырыбына жататын жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түспегенін көрсетеді.

Серіктестік ресми сайтында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы бөлім бар.

Серіктестіктің ұйымдық-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелердің қызметін талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Комплаенс-офицер



А.А. Аширбеков